

"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, пайдалану, жөндеу, жаңарту, пайдалану мерзімін ұзарту және кәдеге жарату саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 қаңтардағы № 53 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, пайдалану, жөндеу, жаңарту, пайдалану мерзімін ұзарту және кәдеге жарату саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, пайдалану, жөндеу, жаңарту, пайдалану мерзімін ұзарту және кәдеге жарату саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы

2010 жылғы 10 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, пайдалану, жөндеу, жаңарту, пайдалану мерзімін ұзарту және кәдеге жарату саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, пайдалану, жөндеу, жаңарту, пайдалану мерзімін ұзарту және кәдеге жарату саласындағы ынтымақтастығы туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер (бұдан әрі – ҰҚШҰ), 2000 жылғы 20 маусымда қол қойылған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімді, сондай-ақ қорғаныс, қауіпсіздік, әскери-экономикалық және әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелері бойынша ҰҚШҰ шеңберінде Тараптар арасында жасаған басқа да халықаралық шарттарды басшылыққа ала отырып, өнеркәсіптің қорғаныс салаларындағы кәсіпорындарының қалыптасқан және жаңадан құрылатын өндірістік және ғылыми-техникалық кооперациясы жағдайларында өзара тиімді әскери-экономикалық ынтымақтастықты нығайта отырып, Тараптардың әскери мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, пайдалану, жөндеу, жаңарту, пайдалану мерзімін ұзарту және кәдеге жарату жөніндегі барлық іс-шаралар кешенін тиімді ұйымдастыру қажеттілігін ескере отырып, қару-жарақ жүйесін одан әрі жетілдіру және Тараптардың қарулы күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қару-жарақ пен әскери техниканың перспективалы үлгілерімен жабдықтау мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай мағынаны білдіретін негізгі терминдер п а й д а л а н ы л а д ы :

«әскери-экономикалық ынтымақтастық» – әскери мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, жаңарту, жөндеу, пайдалануды қамтамасыз ету және кәдеге жарату кезінде ұлттық қорғаныс өнеркәсібі кешендерінің өзара іс-қимылымен байланысты мемлекетаралық қатынастар саласы;

«әскери-экономикалық ынтымақтастыққа қатысушылар» – Тараптардың мемлекеттік органдары, кәсіпорындары, бірлестіктері мен ұйымдары;

«әскери мақсаттағы өнім» (бұдан әрі – ӘМӨ) – қару-жарақ, әскери техника, құжаттама, жұмыстар, қызмет көрсетулер, зияткерлік қызметтің нәтижелері, оның ішінде оларға ерекше құқықтар (зияткерлік меншік) және әскери-экономикалық және әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы ақпарат, сондай-ақ Тараптардың заңнамасымен ӘМӨ-ге жатқызылатын кез келген басқа да өнім;

«уәкілетті органдар» – иелігінде олардың ұлттық заңнамасына сәйкес әскери-техникалық және/немесе әскери-экономикалық ынтымақтастықты мемлекеттік реттеу мәселелері бар Тараптардың мемлекеттік органдары мен ұйымдары;

«зияткерлік қызметтің нәтижелері» – техникалық және ғылыми-техникалық құжаттамада бар, материалдық таратқыштарда тіркелген, сондай-ақ ғылыми-зерттеу,

тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды жүргізу барысында алынған тәжірибелік үлгілерде, бұйымдар макеттерінде бар ғылыми, конструкторлық, техникалық және технологиялық шешімдер;

«зияткерлік меншік» – 1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольм қаласында қол қойылған, 1979 жылғы 2 қазандағы өзгерістерімен Бүкіләлемдік зияткерлік меншік ұйымын құратын Конвенцияның 2-бабында көрсетілген мағынада түсіндіріледі;

«ақпарат» – Тараптардың арасында әскери-экономикалық және/немесе әскери-техникалық ынтымақтастық, оларды ұсыну нысанына қарамастан, оларды орындау және/немесе алынған нәтижелер барысында жасалған шарттар (келісімшарттар) мәніне қатысты заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен үдерістер туралы мәліметтер.

2-бап

Осы Келісім Тараптардың ӘМӨ-ні әзірлеу, өндіру, пайдалану, жөндеу, жаңарту, пайдалану мерзімдерін ұзарту және кәдеге жарату саласындағы өзара әрекеттесу бағыттарын, тәртібін және шарттарын айқындайды.

Осы Келісім Тараптар өнеркәсібінің қорғаныс салаларындағы кәсіпорындарының өндірістік және ғылыми-техникалық кооперациясы туралы екіжақты үкіметаралық келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын ӘМӨ-ні өндіру үшін қажетті материалдарды, жартылай фабрикаттарды, жиынтықтаушы бұйымдарды және басқа да материалдық ресурстарды жеткізуге қолданылмайды.

3-бап

Тараптардың осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдары:
Армения Республикасынан – Армения Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Беларусь Республикасынан – Беларусь Республикасының Мемлекеттік әскери-өнеркәсіп комитеті;

Қазақстан Республикасынан – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қырғыз Республикасынан – Қырғыз Республикасының Экономикалық реттеу министрлігі;

Ресей Федерациясынан – Әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі федералдық қызмет;

Тәжікстан Республикасынан – Тәжікстан Республикасының Энергетика және өнеркәсіп министрлігі;

Өзбекстан Республикасынан – Өзбекстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

Уәкілетті орган өзгерген жағдайда әрбір Тарап дипломатиялық арналар арқылы ҰҚШҰ-ның Бас хатшысына хабарлайды, ол осы туралы қалған Тараптарды белгіленген тәртіппен хабардар етеді.

4-бап

Осы Келісім шеңберінде Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастық ж а с а й д ы :

ӘМӨ-ні әзірлеу, сынау және өндіру;
қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалану;
мамандарды қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалану және жөндеу бойынша
о қ ы т у ;

қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу және жаңарту;
қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалану мерзімдерін ұзарту;
өзінің қызмет мерзімін (ресурсын) өткерген қару-жарақ пен әскери техниканы
к ә д е г е ж а р а т у (ж о ю) .

Көрсетілген бағыттар бойынша ынтымақтастық Тараптардың әскери-техникалық және әскери-экономикалық ынтымақтастық бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

5-бап

ӘМӨ-ні әзірлеу (құру) саласындағы жұмыстарды жүргізу тәртібі мүдделі Тараптар арасында жасалатын жекелеген келісімдермен айқындалады.

6-бап

Осы Келісім шеңберінде ӘМӨ-ні жеткізу бекітілетін екіжақты тізбелер негізінде шарттар (келісімшарттар) бойынша жүзеге асырылады.

Осы баптың бірінші абзацында көрсетілген, әскери-экономикалық ынтымақтастыққа қатысушылар қатарынан ӘМӨ-ге тапсырыс берушілер мен жеткізушілер тізімдерінен, сондай-ақ жеткізілетін ӘМӨ-нің номенклатурасы мен көлемдерінен тұратын тізбелерді Тараптардың уәкілетті органдары бекітеді.

ӘМӨ тізбелерін қалыптастыру және жеткізулерді жүзеге асыру тетіктері Тараптардың уәкілетті органдары арасындағы уағдаластық бойынша (немесе келісу б о й ы н ш а) а й қ ы н д а л а д ы .

ӘМӨ бір Тараптың кедендік аумағынан екінші Тараптың кедендік аумағына Тараптардың уәкілетті органдары беретін бекітілген жеткізілетін ӘМӨ тізбелерінің көшірмелері бойынша әрбір Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес ауыстырылады және кедендік баждар мен алымдарды төлеуден босатылады.

7-бап

Тараптардың осы өнімді жеткізетін Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Келісім шеңберінде алынған ӘМӨ-ні үшінші мемлекеттерге, халықаралық ұйымдарға, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға беруге (сатуға) құқығы жоқ.

Жеткізуші Тараптың 2000 жылғы 20 маусымда қол қойылған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді мақсатты пайдалануды бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамамен айқындалған тәртіпте осы Келісім шеңберінде жеткізілетін ӘМӨ-ні мақсатты пайдалануды бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар.

8-бап

Тараптар өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес осы Келісімді орындауға қатысты ынтымақтастықтың нақты мәселелері бойынша ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық барысында алынған ақпарат кез келген Тараптардың мүдделеріне залал келтіруге пайдаланылмауы тиіс.

Құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерді қорғау және беру 2004 жылғы 18 маусымдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге және Тараптар арасында жасалған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

9-бап

Тараптар ӘМӨ құқықтары Тараптарға және/немесе әскери-экономикалық ынтымақтастыққа қатысушыларға тиесілі зияткерлік қызметтің нәтижелерінен тұруы мүмкіндігін м о й ы н д а й д ы .

Көрсетілген ӘМӨ-ні алған Тарап Тараптар өкілеттік бермеген заңды және жеке тұлғалар зияткерлік, соның ішінде құқықтары Тарапқа (Тараптарға) және/немесе әскери-экономикалық ынтымақтастыққа қатысушыларға тиесілі зияткерлік меншік болып табылатын қызмет нәтижелерін рұқсатсыз пайдаланған және/немесе оған кірген жағдайда жауапты болады және 2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберіндегі әскери-экономикалық ынтымақтастық барысында алынған және пайдаланылатын зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықты өзара қорғау туралы келісім шеңберінде оларды құқықтық қорғау, заңсыз пайдаланудан қорғау және жол бермеу жөніндегі тиісті шараларды қамтамасыз етеді.

10-бап

Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын, тиісті хаттамамен ресімделетін және осы Келісімнің 12-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер мүдделі Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер арқылы шешіледі.

Осы Келісімді іске асыру үшін жүзеге асырылатын ӘМӨ-ні жеткізулермен байланысты Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулы мәселелер олар жасасатын шарттарда (келісімшарттарда) көзделген жағдайларда шешіледі.

12-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптар, оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы төртінші хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Қажетті мемлекетішілік рәсімдерді кешіктіріп орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарийге тиісті құжаттарды тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

13-бап

Осы Келісім, егер Тараптар өзгелер туралы уағдаласпаса, 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың қолданылу мерзімі ішінде қ о л д а н ы л а д ы .

Әрбір Тарап осы Келісімнің қолданылуы уақытында туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттей отырып, шығу күніне дейін алты айдан кешіктірмей депозитарийге жазбаша хабарлама жолдай отырып, осы Келісімнен шыға алады.

2010 жылғы 10 желтоқсанда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жолдайтын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Хатшылығында сақталады.

Армения Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін
Беларусь Республикасы үшін Тәжікстан Республикасы үшін
Қазақстан Республикасы үшін Өзбекстан Республикасы үшін
Қырғыз Республикасы үшін

Орыс тіліндегі мәтінге сәйкес мемлекеттік тілге аударылды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р л і г і
Х а л ы қ а р а л ы қ ы н т ы м а қ т а с т ы қ

*департаменті бастығының
міндетін уақытша атқарушы*

полковник

М. Сәрсенбаев

2010 жылғы 10 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, пайдалану, жөндеу, жаңарту, пайдалану мерзімін ұзарту және кәдеге жарату саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

*Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық департаментінің*

Басқарма бастығы

Б. Пискорский

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК